

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»

КеАҚ Басқарма төрағасы – ректор

Наметов А.М.






« 11 » _____ 2024 ж.



**« АҚЖАЙЫҚ » ТӘЖІРИБЕ-ӨНДІРІСТІК
ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
СМЖ 07.БЕ.16**

№ 04 басылым

№ _____ дана

Дайындалды: 09.09.2024 ж.	Келісілді: 10.09.2024 ж.	Енгізілді: 12.09.2024 ж.
Абдрахманов Р.Г. 	Тагаев О.О.  Алмагамбетова М.Ж.  Ихсанов Е.Б.  Таскалиев Е.К. 	Орнына: СМЖ.07.БЕ.16 08.09.2021ж. Қайта қаралуы: 12.09.2024 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Негізгі мақсаттары
3. Қызметтің негізгі бағыттары
4. Өзара ауысымдылығы
5. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттері	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Тегі, аты, әкесінің аты

1. Жалпы ережелер

«Ақжайық» тәжірибе-өндірістік шаруашылығы университеттің құрамындағы қой тұқымдарын өсірумен айналысатын, өзіндік балансы мен заңды тұлға мәртебесі жоқ бөлім болып табылады. Өзінің қызметінде «Ақжайық» тәжірибе-өндірістік шаруашылығы басқарма төрағасы – ректордың бұйрығы мен өкімін, Университеттің ғылыми кеңесінің шешімін, Университет жарғысын, осы ережені басшылыққа алады.

«Ақжайық» тәжірибе-өндірістік шаруашылығы тікелей басшылығын оның әкімгері жүзеге асырады.

«Ақжайық» тәжірибе-өндірістік шаруашылығы әкімгері өзінің жұмысын университет бөлімшелерімен байланыстырады.

2. «Ақжайық» тәжірибе-өндірістік шаруашылығының негізгі мақсаттары

Негізгі мақсаты университеттің асылтұқымды қой шаруашылығындағы ақжайық етті-жүнді қой тұқымын өсіру және жергілікті аймақтағы шаруа қожалықтарын асылтұқымды генотиптермен қамтамасыз ету. Қой шаруашылығынан өнім өндіру технологиясын жетілдіру, заманауи жаңа технологияларды игеру.

3. Қызметтің негізгі бағыттары

3.1. «Ақжайық» тәжірибе-өндірістік шаруашылығы қызметінің негізгі бағыттары:

3.1.1. Жалпы мал басының асылтұқымдық қасиеті мен өнімділік сапасын жетілдіру мақсатында селекциялық-зоотехникалық жұмыстарын жүргізу;

3.1.2. Технология бойынша зоотехникалық шараларын (ұрықтандыру, төлдету, бонитировкалау, сұрыптау (бракқа шығару), жұптау, жүн қырку, бордақылау) өткізу;

3.1.3. Өндірістік тәжірибелер, практикалық сабақтар ұйымдастыру, студенттерге және магистранттарға жұмыс мамандықтарын меңгерту, теориялық және практикалық оқытудың ұтымды байланысын қамтамасыз ету;

3.1.4. Өндірістік және материалдық базамен қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін Университет ғалымдарының жаңалықтарын ғылымға енгізуге (қажетті материалдармен және құралдармен жабдықтау, сондай-ақ қаражатпен) жағдай жасау;

3.1.5. Шаруашылықтағы мал басын сақтап, оларды зоотехникалық нормаларға сәйкес азықтандыру;

3.1.6. Асылдандыру-сұрыптау жұмысының сапасын арттырып, асылтұқымды мал басын көбейтуді қамтамасыз етіп, сату жұмыстарын жүзеге асыру;

3.1.7. Ветеринарлық-санитарлық және сақтандыру шараларын орындау;

3.1.8. Ауыл шаруашылығы өндірісінің инновациялық және жаңа технологиялар аумағында мамандарды дайындау мен қайта бағдарлауға көмектесу.

4. Өзара ауысымдылығы

«Ақжайық» тәжірибе-өндірістік шаруашылығы әкімгері орнында болмаған жағдайда (іс-сапар, еңбек демалысы, аурып қалуы) лауазымдық міндеттері департамент тағайындаған адамға жүктеледі.

5. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. №414

ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. №319

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы

СМЖ 07.ҚЕ.07. Университеттің ішкі тәртіп ережесі